

2023 жылға арналған мемлекеттік қызметтер бойынша

БЖШО МКҚК-ның есебі.

1. Жалпы ережелер

1) *Көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер:* "Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Степногорск қаласының Балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы" МКҚК. Занды мекенжайы Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 7 шағынауданы, 56 ғимарат.

2) *Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:*

БЖШО МКҚК -да 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;
- педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау.

2023 жыл үшін БЖШО-да 265 қызмет көрсетілді:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген-0 қызмет;

электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер-0 қызмет;
көрсетілген мемлекеттік қызметтер қағаз нұсқада көрсетілген - 265 қызмет.


БЖШО-да барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

2022 жыл үшін БЖШО-да 257 қызмет көрсетілді:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген-0 қызмет;

электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер-0 қызмет;
көрсетілген мемлекеттік қызметтер қағаз нұсқада көрсетілген - 257 қызмет.

2023 жыл үшін мемлекеттік қызмет көрсету



■ Через канцелярию услугодателя ■ В электронном варианте ■ Через Госкорпорацию

2022 жыл үшін мемлекеттік қызмет көрсету



■ Через канцелярию услугодателя ■ В электронном варианте
■ Через Госкорпорацию

3) Ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат: БЖШО-да ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер: "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау"-265.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми <http://vs0002.stepnogorsk.aqmoedu.kz/> интернет ресурста орналастырылған. БЖШО МКҚК-ның "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде мемлекеттік қызметтер көрсетудің стандарттары мен қағидалары орналастырылған. Сондай-ақ, БЖШО ғимаратының фойесінде ақпараттық стендтерде мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жүзеге асырылады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және тағы басқалар).

2023 жыл үшін балаларды қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау бойынша қызмет көрсету туралы хабарландырулар жарияланды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

БЖШО МКҚК-да мемлекеттік қызметтерді қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 3 қызметкер көрсетеді. «Мемлекеттік қызметтерді көрсетуді жақсарту және мемлекеттік қызметтерді пайдалануды жетілдіру және ақпараттық технологияларды, жанжалдарды басқару және халықаралық тәжірибені қолдану» мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігін арттыру тақырыбында 2023 жылы мемлекеттік қызметтерді көрсететін барлық қызметкерлер мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Қызметкерлерді одан әрі оқыту 2025 жылға жоспарланған.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2023 жылы үшін мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

